

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаларды қалыптастыру қағидаларын бекіту" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 639 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 820 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 қазанда № 12201 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2019 жылғы 19 сәуірдегі № ҚР ДСМ-42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 19.04.2019 № ҚР ДСМ-42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаларды қалыптастыру қағидаларын бекіту" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 639 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11887 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 14 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаларды қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 4 және 25-тармақтарын қоспағанда, мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте Қағидалардың 3-1-тармағы 2016 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаларды қалыптастыру қағидалары:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. ММБ шекті бағасы ТМККК шеңберінде сатып алынатын дәрілік нысаны мен оның дозасын есепке ала отырып, бір ММБ бөлінісінде 15%-дан аспайтын көтерме үстеме бағаны ескере отырып, тіркелген бағалардың арасындағы орташа арифметикалық мәні ретінде айқындалады.

Долларға қатысты теңгенің ресми бағамы 15 пайыздан аса өзгерген жағдайда шекті бағаны қалыптастыру кезінде долларға қатысты теңге бағамының өзгеру коэффициенті ескеріледі.

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған ұзақ мерзімді шарттардың шеңберінде отандық өндірушілер жеткізетін дәрілік заттарға шекті баға көтерме үстеме баға ескеріле отырып, GMP жағдайларында өндірілген отандық тауар өндірушілердің алдыңғы жылғы нақты сатып алынған дәрілік заттарының бағасының негізінде белгіленеді және жыл сайын келесі 5 жыл ішінде алдыңғы жылдың шекті бағасынан 5 пайызға төмендейді. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған ұзақ мерзімді шарттардың шеңберінде GMP жағдайында өндірілетін және отандық өндірушілер жеткізетін дәрілік заттарға шекті баға, егер мәлімделген баға алдыңғы жылғы нақты сатып алу бағасынан төмен болса, онда шекті баға көтерме үстеме баға ескеріле отырып мәлімделген баға бойынша айқындалады."

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 14 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК